Ғылым және мәдениет қайраткері

МЕРЕЙЛІ БЕЛЕСТЕ

Ғұмырлық тіршілікте екі аяқты жұмыр басты пенденің игі мақсат жолында қарекет етіп, иісі адамзаттың пайдасы үшін еңбек етуі – Абай айтқан нағыз «Толық адамға» лайық сипат болса керек-ті. Ақыл, қайрат, жүректі тең ұстап, жақсылыққа өмірін сарп етіп, тағдырын тағылымға қарай түзеу екінің біріне бұйыра бермейтін бақыт. Дана Мұхтар атамыз: «Рахымды күннің шуағына қызып бір аз ғана білімізді, аз ғана қайратымыздың кішкене қызметін адамшылық жолына салып, ақтыққа жұмылайық», деген тәмсілін жанына серік, жүрегіне темірқазық еткен арда ағамыз Садыбек Бейсенбаевтай тұлғаның азды-кем бекзат болмысы мен қайраткерлік қасиеті жайлы толғап көргенді жөн көрдік.

Садыбек ағамыз 1966 жылы, яғни 60 жыл бұрын талай тарландарды толғатқан, қаншама дарабоз тұлғаларды дүниеге әкелген Бәйдібектің топырағында өмір есігін ашты. Жасынан ізерлі ізденіс пен үздіксіз шығармашылықты арқау еткен ардақты ағамыз педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстанның Педагогикалық Ғылымдары Академиясының академигі, Халықаралық Педагогикалық Білім Беру Ғылымдары Академиясының академигі, Дизайнерлердің Қазақстандық Одағының мүшесі, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі сынды атақтары қайтпайтын қайсарлық пен тоқтаусыз төгілген тердің жемісі.

1987 жылдан 1992 жылға дейін М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтында оқып, «Бейнелеу өнері, сызу және еңбек пәнінің мұғалімі» мамандығын алып шыққан Садыбек Қалмаханұлы бүгінде осы университеттің Қоғаммен байды даярлап келе жатқан іргелі оқу ордасы. Садыбек Қалмаханұлының сонау бала кезде басталған аңсарлы арманының іргетасы осы университеттен басталды, қабырғасын да осы шаңырақтан қаланды. 2000 жылы Мәскеу қаласында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Осы уақыттан бастап, Садыбек ағамыздың ғылымдағы жолы басталып, алып кеңістікке қарай бет түзеді. 2004 жылы ақпан айынан бастап М.Әуезов атындағы ОҚМУдың «Кескіндеме және дизайн» кафедрасының меңгерушісі қызметіне тағайындалады. Мұнан соң 2010 жылы докторлық диссертациясын қорғайды. Ағамыздың

ның шексіз сыйы, түгесілмес ынғыметі болса керек.

Ағамыздың қазақ өнеріне һәм сурет, дизайн саласына қосқан үлесі қомақты. Санамалап, тізбелей берсең ұшан теңіз. Батыр Баукеннің: «ел дегенде емірене, жұрт дегенде жүгіне қызмет ет» деген сөзін арқау еткен Садыбек Қалмаханұлы өз қызметінен бөлек Дизайнерлердің Қазақстандық одағы республикалық қоғамдық бірлестігінің Шымкент қалалық филиалының директоры ретінде қоғамдық қызмет атқарады. 2004 жылы М.Әуезов атындағы ОҚУ жанынан Шымкент қаласында алғашқы, барлық талаптарға сай «Жетіасар» галереясын ашып, онда жыл сайын 10–15 жеке және топтық көрме ұйымдастырды. Галерея ашылуына орай қалада алғашқы дизайнерлер көрмесін өткізді. Сағат сатып алсаң да, уақыт сатып ала алмайтының ақиқат. Жауапты қызметте КТК командасы бірнеше республикалық және қалалық ойындардың жеңімпазы, 2025 жылдың финалисі атанды. Осының артында табанды ұйымдастырушылық көрсеткен, тәтті жемістің артында маңдайдың ащы тері тұратынына Садыбек ағаның ерен еңбегі дәлел.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Жұрт ұқпаса ұқпасын жабықпаймын, жұрт бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін», деген концепциясы Садыбек ағамыздың қайраткерлік әлемінің символы. Еңбекті ету бар, оны елге жеткізу бар. Кітапты жазу бар, оны ойлы оқырманның талқысына салу бар. Өнерді өрнектеу бар, оны жауһар болмысын тани түсу бар. Мәдениетпен айналысу бар, оның мәйегіне үңілу бар. Бұл құндылықтарды құнттап, ұрпаққа ұмсындыру бар. Мұның бәрі екінің біріне бұйыра бермесі сөсіз. Тек ердің ері, егеудің сынығына нәсіп болатын нығмет. Садыбек Қалмаханұлының осындай ерек болмысы өскелең ұрпаққа, кейінгі буынға өшпес өнеге. Бір сөзбен кестелесек, ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден. Көркем мінез бен, терең білім, зерделі ғылым, тағылымды ғұмыр, сөз бен істің үйлесімі бәрі де Садыбек ағаның бойындағы тұнып тұрған асыл қасиеттер. Жақсының жақсылығын байқап, нұрын тасытқан дана халқымыздың тағы бір тәмсіліне табандауымыз керек болып тұр. Қазақ айтады:

Бір жылдығын ойлаған,
Бидай егеді.
Он жылдығын ойлаған,

оқып, «Бейнелеу өнері, сызу және еңбек пәнінің мұғалімі» мамандығын алып шыққан Садыбек Қалмаханұлы бүгінде осы университеттің Қоғаммен байланыс жөніндегі қызметін абыроймен атқаруда. Садыбек аға бұл абыройға оңайлықпен қол жеткізген жоқ. Шығармашылықпен шарқ ұра шыңдалды, кәсіби еңбекпен биікке өрледі. Болаттың қайнауда, еңбектің майданында шыныққаны осының айғағы. Алдыңғы буынның ізінен ерген ағамыз биыл асқаралы алпыстың асуына табан тіреді.

Отызда орда, қырықта қамал, елуде ел ағасы атанып, алпыстың асқарын бағындырған ағамыздың әрбір сөзі өрнек, әрбір ісі таным десем, асыра айтқандығым емес. «Дарақ бір жерден көгереді», - деген дана халқымыздың ұстанымы қашанда қастерлі. Өйткені, Садыбек ағамыз осы ұстанымды ұстын етіп, кейінгі буынның білім мен ғылым құндылығына баса мән беріп келе жатқанын атап өтпеу азаматтығымызға сын. Әуезов университеті қаншама ғалымдарды, бірегей білімділер мен сан қырлы майталмандарды. Мұнан соң 2010 жылы докторлық диссертациясын қорғайды. Ағамыздың ғылым майданындағы ірі жеңісінің байрағы осы жылы желбіреген дәлелі бұл.



2012 жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры лауазымына тағайындалады. Міне, содан бермен қарай Садыбек аға заңғар жазушының есімін иеленген қара шаңырақта табан аудармай қызмет етуде. Ардақты ағамыз 50-ден астам магистрлік диссертацияға жетекші болды.

Ғылым мен білім, өнер мен мәдениет десе ішкен асын жерге қойған, Абай айтқан, «адамшылықтың қарызы үшін еңбек етсең, Алланың сүйген құлының бірі боласың» деген сөзін жүрегіне мөрлеген ағамыздың қайраткерлік қасиетінің өзі бір төбе. Мен айтар едім, кез келген адам басшы бола алады, бірақ кез келген басшы қайраткер бола алмайды. Ғылым мен мәдениетке жанашыр, ұжымға қамқор басшы, өз ортасына сыйлы азамат, отбасыда ардақты әке, отанасына аяулы жар болып, бүгінде ел ағасына айналған Садыбек ағамыз алпыстың шыңын абыроймен алқамдауы Жаратқанды. Галерея ашылуына орай қалада алғашқы дизайнерлер көрмесін өткізді. Сағат сатып алсаң да, уақыт сатып ала алмайтынның ақиқат. Жауапты қызметте отырып, мәдениетке жанын жеп, адал қызмет ету осындай боларына ешкім кәдік келтірмесі анық. Оған қоса бүгінде жастар әлемінде айрықша орны бар, жұртшылықты әзілге қарық қылып жүрген «Байдың балалары» КТК командасы 2018 жылдың чемпионы атанып, 2019 жылы Ресейдің Сочи қаласында өткен «КиВиН–2019» фестиваліне қатысты. «Мадмуазель» бандауымыз керек болып тұр. Қазақ айтады:

Бір жылдығын ойлаған,
Бидай егеді.
Он жылдығын ойлаған,
Тал егеді,
Мың жылдығын ойлаған,
Ізгіліктің дәнін егеді.

Білімнің нәрін, ғылымның дәнін сеуіп, ізгіліктің шырағын жағып жүрген ардақты ағамыздың асқар шыңға бет түзегені берекелі болғай!

Ағаның тындырымды тірлігі, бітірген ерен ісі жетерлік. Сәйкесінше атқаратын шаруасы да әлі алда. Алла соны атқаруға мықты қажыр мен қайрат, мұқалмас ерік-жігер, шалқар шабыт берсін деген тілегіміз бар.

Мерейлі белесіңіз құтты болсын, аға! Жаратқанға сүйікті құл, алашыңызға сүйікті ұл болып жүру сіздің пешенеңізге жазылған тағдыр!

Асқаралы алпыс, ғасыр жасқа ұласып, атыңыз дәйім асқақтай бергей!

Әзімхан ИСАБЕК,
М.Әуезов атындағы
ОҚЗУ докторанты,
абайтанушы